

апрель 2011 г.). Т. I. — Пермь: Меркурий, 2011. — С. 156-159. — URL <https://moluch.ru/conf/ped/archive/17/578/> (дата обращения: 19.02.2020).

4. Тимохина Т.В., Токмагамбетова Д.К., Азимбаева Ж.А. К вопросу о применении компьютерных технологий на занятиях русского языка в техническом вузе // Труды Международной научно-практической конференции «Наука и образование – ведущий фактор стратегии «Казахстан-2030», Караганда: КарГТУ, 2012.- С.231.

5. Палагутина М. А., Серповская И. С. Инновационные технологии обучения иностранным языкам [Текст] // Проблемы и перспективы развития образования: материалы Междунар. науч. конф. (г. Пермь, апрель 2011 г.). Т. I. — Пермь: Меркурий, 2011. — С. 156-159. — URL <https://moluch.ru/conf/ped/archive/17/578/> (дата обращения: 14.02.2020).

Аманкелді Қ.Ж., академик Е.А Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, тарих факультеті, ГИ - 32, студент
(*Ғылыми жетекші— тарих магистрі, аға оқытушы, Аймахов Е.Н.*)

АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШ РЕТІНДЕ АҚША БІРЛІГІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫНАН

Ақша айналымы тіршіліктің қайнар көзі. Ақшаның құндылығы мемлекеттің қуаттылығымен пара пар. Ақша бірлігінің дамуы және қуаттылығы мемлекетте өмір сүрген халықтардың әлеуметтік экономикалық тұрғысынан көрсеткішін көрсетпек. Елде мемлекеттік валютадағы бөлек өзге мемлекеттің ақшасы айналымда болуы екі мемлекет (немесе бірнеше) экономикалық тұрғыдан тығыз қарым -қатынаста болғандығын және де белгілі бір деңгейде бір біріне тәуелді болғандығын дәлелдейді.

Металл ақшаларды сипаттағанда оларды нумизматикалық зерттеу объектісі ретінде екі негізгі топқа бөлуге болады материалдық және сыртқы. Алғашқысына «металл», «салмақ» белгілі бір салмақ массасындағы металдан жасалынған ақшалардың қатаң белгіленген саны) және металдың сапалық таңбасы («проба») (қымбат металл менлигатураның арасындағы проценттік қатынас) жатады. Ақша белгілерінің сыртқы тобына ақшаның екі жақты сыртқы пішіні, кесінді, жазбалармен бейнелер, олардың түрлері (жазбалар мен бейнелердің өзара байланыста орналасуы), еңсоңында оның бет жағы (avers - қысқаша av немесе б.ж.) мен артқы жағы (revers - қысқаша гнемесе а.ж.) жатады. Ескі ақшалардың төтенше ғылыми ақпарат бере алатындығына қарамастан, олар өз бетінше нумизматтар еңбегінің негізгі объектісі болып табылмайды. Ақшаларды анықтау және сипаттау – олардың жұмысының тек бастапқы сатысы. Нумизматтық зерттеудің басты мақсаты анағұрлым күрделірек және қызықтырақ, бәрінен бұрын ол көмбелермен байланысты [1, б. 24 - 29].

Алтын Орданың ақшалары осы мемлекеттің тарихын зерттеудің аса маңызды дерек көздерінің бірі болып табылады. Металл теңгелердің аса көп мөлшерде табылуы – алтын орда ескерткіштерін қазған кездегі сипатты құбылыс. Сауда жолдарының торабында орналасқан Алтын Орда өзі өмір сүре бастаған кезеңінен бастап - ақ қолайлы экономикалық жағдайға ие болған еді. Алтын Орданың тарихы бойынша ақшалардың өзі ғана емес, сондай-ақ олардың кестені (көмбелер мен жекелеген олжалар) де маңызды дерек көздері болып табылады. Алтын ордалық ақшаларда билеушілердің есімдері, қала атаулары, даталар жиі беріледі. Берілген даталар, билеушілердің есімдері, қоныс атаулары зерттеушілер үшін Алтын Орданың тарихи географиясы мен саяси тарихы туралы құнды мәліметтер болып табылады. Сонымен қатар табылған сақиналар алтын ордалық мемлекеттердің экономикалық өмірі туралы баға жетпес мәліметтер береді. Алтын ордалық ақшалар метрологиямен ақша реформаларын зерттеудің қайнар көзі болып табылады. Алтын ордалық экономика туралы сансыз көп ақша көмбелері құнды ақпарат береді (көмбелер санының көбеюі тұрақсыздық кезеңдері туралы куәландырады), ал белгілі бір кезеңнің жекелеген (жоғалған) ақша олжалары түрлі уақыттағы тауар – ақша қатынасының даму деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Ақша кешендерін зерттеу Алтын Орданы түрлі аймақтарындағы қала өмірінің динамикасы, урбанизация кезеңдері туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Металл ақшалар - Алтын Орданың тарихи географиясымен қала орталықтарының оқшаулануындағы маңызды дерек. Сонымен бірге, алтын ордалық ақшаларда бейнелер мен ерекше белгі – таңбалар беріледі, олар мұсылман шандарымен қатар Евразияның далалық көшпенділерінің рухани және мәдени өмірі туралы құнды дерек болып табылады. Өсімдік өрнектері (әсіресе гүл өрнекті ақшалармен

геометриялық көрнектер (мысалы, алты бұрышты, бесбұрышты жұлдызшалар, свастика, шиыршық серппе), әртүрлі заттардың бейнелері (құмыра, таразы, қанжар, садақ т.б.), тірі жан иелері (бүркіт, арыстан және күн, барыс, кой, түйе, ат, қыран, балықтар, тіпті адам бейнелері де кездеседі. Тарихнамада бұл бейнелерге қандай болмасын түсініктеме беруге талпыныстар болғанымен, олардың бәрі сәттішекті деп айтуға болмайды. Мыс бақырлардағы кейбір бейнелер жұлдызнаманың белгілері болуы мүмкін. Халықтың бұл ақшаларға деген сенімдерін арттыру үшін оларды неғұрлым тартымды қылып жасауға тырысқан сияқты. Алтын ордалық ақшалардың кейбір түрлері өздерінің әсемдіктерімен, көркем каллиграфиясымен ортағасырлық бейнелеу өнерінің нағыз шығармалары болып табылады. Христиан Мартин (Христиан Данилович) фон Френ (1782-1851 жж.) шын мәнінде мұсылман нумизматикасының негізін салушы болып есептеледі. XIX ғ. нумизматтары танымалшығыстанушыны алтын орда нумизматикасының «князы» және «Несторы» атаған болатын. Алтын Орданың ақша ісін зерттеуге Х.М. Френнің ізбасарлары, В.В. Григорьев пен П.С. Савельев үлкен үлес қосты. Сонымен қатар, XIX ғ. нумизматикасында коллекциялық зерттеуге басымдық берілгенін де атап өту керек. Нумизматтарды ақшаның сирек кездесетін түрлері, «нумизматикалық күлкілі оқиғалар», «анекдота» қызықтыратын, бұхаралық, біртектес металл ақшалар зерттеушілер назарынан көбіне тыс қалып жатты. Көмбелік кешендерге деген үлкен қызығушылық XIX ғ. аяғы – XX ғ. басындағы зерттеу жұмыстарында байқалады. XIX ғ. – XX ғ. басындағы табылған көмбелердің көпшілігі сақталмаған. Олардың құрамы туралы бірден - бір дерек сол заманның басылымдары болып табылады. И.Н. Березиннің, О.Блаудың, С.Лен Пульдің, А.Ф. Лихачевтің, А.К. Марковтың, О.Ф. Ретовскийдің, В.К. Савельевтің, В.Г. Тизенхаузенінің, В.К. Трутовскийдің жұмыстарында алтын ордалық мемлекеттердің ақша ісі менақша айналымын зерттеу туралы ұсыныстар берілген. Эрмитаждық қызметкері А.К. Маркоз іргелі «Императорлық Эрмижадың мұсылман ақшалары тізімінің каталогын» жасақтаған (1896). Каталогтың құрамына жошылық ақшалар да кірген. Өкінішке-өкінішке орай, эрмитаж жинағындағы ақшаларға өте қысқаша сипаттама берілген, олардың иллюстрациялары берілмеген. XIX ғ. - XX ғ. басында тарихи ақпараттың негізгі дерегі бұрынғыша жекелеген металл ақшалар болып қала берді, жағдай кейін өзгерген болатын. XX ғ. нумизматикасы негізгі назарды экономикалық күрдістерге, ақша айналымына аударып бастады. Жекелеген ескерткіштерде жинақталған көмбелер, ақша кешендері туралы сапалы басылымдар жарияланып, оларды тіркеу басталды. Алтын Орданың нумизматикасын зерттеуде саратовтық өлкетанушылар А.А. Коротков пен Б.В. Зайковскийдің қызметі маңызды кезең болып табылады. Олардың қызметінде алтын ордалық қалашықтардың жекелеген ақша кешендерін зерттеу елеулі орын алады. Түрлі ескерткіштердегі «ақша кезеңдерін» және ақша айналымының ерекшеліктерін анықтау басталады. А.А. Коротков бұлардың табылған жерлеріне қарап Алтын Орданың ақша сарайларының орналасқан жерін айқындау әдістемесін жасақтайды. А.А. Коротковқа Наровчат қаласы жерінде табылған ақшалардың орны арқылы мордва жеріндегі Алтын Орда мемлекетінің маңызды орталығы - Мохшаны анықтаудың сәті түсті. 1950 – ші жылдары көрнекті нумизмат, ГИМ-нің қызметкері Светлана Алексеевна Янина (1924-1997 жж.) қазба жұмыстарындағы және Болгардағы Куйбышев экспедициясы жинағындағы ақшаларды, содан соң – Царев қалашығының ақшаларын зерттеуді бастайды. Осы жұмыстарда тұңғыш рет жошылық нумизматикаға байланысты бір қатар сұрақтар пайда болады (мысалы, қандай үлгіден алынған, шыққан уақыты белгісіз сериялардың даталарын анықтау т.б.) Алтын Орда тарихы бойынша бірде-бір ірі зерттеуді он жылдықтар бойына жошы нумизматикасының неғұрлым беделді маманы болып саналып келген МГУ профессоры Герман Алексеевич Федоров-Давыдовтың (1931 – 2000 жж.) толып жатқан басылымдарына сілтемесіз елестету мүмкін емес. Оның жұмыстары жошытанусаласында тұтас бір дәуірді құрайды. 1957 жылы Г.А. Федоров – Давыдов «Клады золотоордынских монет» атты кандидаттық диссертациясын қорғады (төрт жүзден астам көмбелер туралы мәлімет берілген бұл мақала енгізілген). Бұл жұмыстың жалғасы ретінде кейін табылған бірінші саран жошы ақшалары туралы басылым жарық көрді (1963). Бұл жұмыстарда зерттеуші топографиялық мәлімет құрастырып, ақша айналымының кезеңдерін ұсынды, Ұлыстың әртүрлі аймақтарында айналыста болған металл ақшалардың құрамының ерекшеліктерін қарастырды. Соңғы уақытта Алтын ордалық нумизматика мәселесі мен айналысқандар қатарында В.П. Лебедев, А.Г. Мухамадиев, Д.Г. Мухаметшин, В.Н. Настич, А.А. Нудельман, Э. Оберлендер – Тырновяну, П.Н. Петров, А.А. Пономарев, М.Б. Северова, А.З. Синхтунна, Н.М. Фомичев тағы да басқа зерттеушілер бар. Алтын Ордада XIII ғ. ортасынан XV ғ. аяғына дейін биметаллдық ақша ісі орын алды –

күміс және мыс бақырлар соғып шығарылды(алтын динарлар XIX ғ. тек Хорезмде ғана соғылды. Алайда ақша айналымына жатжерлік алтынмақалар да қатысты (бәрінен де басым болған Дели сұлтандығының динарлары еді). Мысбақырлар пұл атауын иеленді, күміс ақшалардан айырмашылығы олар жергілікті маңызға ғана иеболып, ұсақ сауданың интенсивті дамуына ықпал етті. Мыс бақырлардың неғұрлым басым бөлігіXIV ғ. соғылған, осы жүзжылдықта алтынордалық, қалалар өзініңдаму шыңына жеткен болатын,мыс бақырларды соғып шығару Өзбек пенЖәнібектің билік құрған кезеңіндегі қалалардың шұғылдамуымен тікелейбайланысты. Алтын Орданың ежелгі ақшаларында (Бағдад халифы атымен)«динар» сөзі кездеседі. XIII ғ. күміс ақшаларын да «дирхем» («дирхам »)сөзі жазылған. Қазіргі уақытта күміс ақшаларды белгілеу үшін «ланг» сөзі қолданылған деп есептеуге негіз бар. Оданбасқа да Алтын Орданың ақша айналымында күміс құймалар - сумдар (сомдар) болған. Олар шынмағынасындағы күміс құймалар ғана емес, сонымен бірге ақша - салмақтық есептеу бірлігіқызметін де атқарған. Құрамында металл ақшалардан басқа күміс құймалар да болған бірнешеондаған көмбелер белгілі.Алтынорда мемлекетіндегі тауар бағасы туралы онша мардымды емесжазба деректерден белгілі. Ибн Баттута, мысалы, Хорезмде 1330 - шы жылдары «аттың құны 50 немесе 60 дирхем тұратындығын» хабарлайды.Зломаридің хабарламасынан көргеніміздей Сарай мен.Үргеніш сияқтышалғайдағы қалалардағы тауардың бағалары XIX ғ. бір-біріне өте жақынболған. Алайда бағаның осындай ұқсастығы Алтын Орда тарихының барлық кезеңдерінде бірдей болған жоқ. Баға туралы көп мәліметтер батысеуропалық деректерде сақталған. Каффымассарилерінің дерегінше1381 ж., модий бидай (250,1 немесе 281,5 кг.) 140 аспр тұрған (күміс ақша),Жылқы — 60-200 аспр, венециандықтарды генуялық түрмеде ұстау айына адам басына 40 аспрға шыққан, Каффының түңгі күзетшілері және Судак горнизоны өкілдері айына 100- 170 аспр, ал капитандар мен қазынашылар 200 аспрдан жоғары алып тұрған. Жошы ақшаларыныңкөпшілігіндегі жазбалар араб графикасыменберілген, алайда ұйғыр жазуымен жазылғандары да кездеседі. Маджардыңкүміс ақшаларында Тоқты ханның 1310 - 1313 жж. монғолдың шаршыжазуы пагспен жазылған жазба кездеседі, оны ұлы Құбылай ханның бұйрығымен тибет ламасыПагспа 1269 жылы құрастырған болатын. Жошы ақшаларында араб, парсы, түркі сөздерікездеседі. Ақшажазбаларындағы көптілділік Алтын Орда халқының тілдерінің әртүрлі болғандығын көрсетеді.Көптеген күміс ақшаларда діни жазбалар бар. Олар Алтынордатарихының бастапқы кезеңінде-ақ исламның тарай бастағанын дәлелдейді. Діни сөздер жазылған металл ақшалардың көптілігі XIII ғ. екінші жартысында Волга Болгариясында шығарылған. XIV-XV ғ. металл ақшаларындананым-сенімнің сунниттік нышандары кездеседі. Жошының мысбақырлары, әдетте, анонимді болып келеді, оларда әртүрлі бейнелер беріліп, ақша сарайы туралымәлімет береді, кейде датасы көрсетіледі (неғұрлым кең тарағандары астана Сарайда, кейінірекСарай аль -Жадидте шығарылған, арыстан мен күн, екі басты бүркіт, гүл өрнектері бейнеленгенпұл эмиссиялары). Күміс ақшаларда, әдетте, ештеңе бейнеленбейді. XIII ғ. көптеген күмісэмиссиялар аңэпиграфтық, ал жазбасы бар ақшаларда көбіне ханның аты берілмейді. Тоқтыханның бір ізге келтірілген реформасынан бастап, күміс ақшалар үшін біртекті стандарт енгізіледі. XIV ғ. күміскүміс ақшаларында ханның аты және тұрақты титулатурасы, ақша сарайы,құйылғанжылы көрсетіледі. Жошы ақшаларында даталар көбіне цифрлармен, ал кейде сөзбен, тіптіхронограммамен («абжад» жүйесі бойынша)берілген. [2, б. 8 - 12].

Металл ақшаларға деген қызығушылық және оларды коллекциялау сонау ежелгі замандабасталған. Тек XX ғ. ғана көмбелерден табылған ақшаларға деген жаңа қатынас қалыптасып,оларды біртұтас дүние ретінде, қабылдай бастады. Табылған олжалардың осы кезеңнен бастапкартографиясы жасалынып, олар статистикалық әдіспен бағалана бастады. Біздің заманымыздабүкіл әлемнің нумизматтары қазбадан табылған ақшаларға біртектес масса ретінде қарамай,оларды жүйелеу керектігін түсінеді. Ағылшын нумизматы Ф. Грирсон металл ақшаларды олардытабылу сипатына қарай бір жүйеге келтірді. Ол табылған олжаларды екі негізгі категорияға бөледі:кездейсоқ және археологиялық. Кездейсоқ табыстарды ол үш түрге бөледі: жекелеген ақшалар,жекелеген ақшалардың жиынтығы және көмбелер.Оның пікірінше көмбелердің өзін бірнешекатегорияға бөлуге болады: кездейсоқ жоғалған көмбелер (мысалы, ақшасымен жоғалған эмиан);ерекше жағдайдағы көмбелер (соғыс кезінде, қала қоршауда қалған кезде жасырылған көмбелерт.б.). Олар ресми болулары мүмкін қаланың, шіркеудің, монастырьдың қазынасы) және жеке (жеке адамдардың мүлкі);сақтап қоюға арналған көмбелер (белгілі бір мақсатпен жинақталған,бірақбелгісіз себептермен өз уақытында пайдаланылмаған, сондықтан қолайлыкезеңге дейін жасырылған көмбелер); қайтарылмайтын көмбелер (иесі кейін

қайтарып алуды көздемей(кей кездежоралғылық мақсатпен) әдейі жасырған байлық (өлген адаммен бірге көмілген, салынғанғимараттың іргетасына қаланған т.б.). Көмбелердің уақытын анықтау да аса маңыздымәселеболып табылады. Әдетте олардың датасы сондағы ең жас, яғни еңсоңынан салынған металл ақша бойынша белгіленеді.Тек ақшаларды ғана зерттейтін нумизматтардан айырмашылығыархеологтар үшін кез келген табылған олжа үлкен қызығушылық туғызады. Олар үшін бір төбе сазыдыс пен бір уыс алтын пақа бірдей құндылыққаие. Олар өздерінің олжаларын заттай, ақшалайжәне аралас деп бөледі. Соңғы екеуі, әрине, нумизматикалық ескерткіштерге жатады. Кейде ақшакөмбелерін олардың жасалынған металына қарай біледі (алтын, күміс,мыс (қола) ақшалар),бұндай жағдайда аралас деп 2-3 металдан тұратынолжалар есептеледі[3, б. 13-18].

Жошы Ұлысының мәдениетмәселесін зерттеуге келгенде,археологтардың қазба жұмыстарының нәтижесі ерекше маңызға ие болады.Бұл жерде нумизматикалық материалдардың маңызын асыра бағалау қиын.Ол өзінше сол кезеңде шығарылған, барлық адамдар ақшаайналымы саласында пайдаланған, ресми құжат болып табылады. Нақ осы нумизматикалықматериалдар, өзінің бүкіл өмір сүрген кезеңінде, Алтын Ордамен тығыз байланыста болғанмемлекеттердің сауда- экономикалық және саяси тарихы бойынша неғұрлым қол жетерлік дерекболып табылады [4, б. 81].

Алтын Орданың металлақшаларын солтүстіктегі Тверь округінен бастап, солтүстік-батыстағы Беларусь және солтүстік-шығыстағы "Тюмень облысы, оңтүстіктегі Иран мен Палестинаға дейінгі;батыстағы Болгариядан шығыстағы Монғолия мен Қытайға дейінгі орасан зор аумақтан кездестіруге болады. Алтын Орда ақшаларының жүздеген көмбелері табылды. Алтын ордалық Еділ бойының нумизматикасы басқа аймақтарға қарағанда толығырақ зерттелген. Жошы ұлысынумизматикасының сипатты белгісі - оның әртүрліаймақтарының тауар - ақша қатынасынабіркелкі қатыспағандығында. ЕгерБатыс Қазақстанда дамыған ақша айналымының орталығы іріСарайшыққаласы болса, далалық Қазақстанның негізгі аумағы Алтын Орданың ақша айналымысаласына барынша аз тартылды. Мысалы, XX ғ. ортасында А.П. Смирнов пен Г.А. ФедоровДавыдовтың өзі Еділ бойындағы алтынордалық қалалардың қазбалары сан мындаған металлақшалардыберіп жатқанда, қазіргі Қазақстан аумағының басым бөлігінде Жошы ақшаларыкездеспегенін атап өткен болатын[2, б. 15].

Көшпелілер тауар-ақша қатынасына төмен деңгейде атсалысты. Рашид ад-Диннің монғолдық Иран туралы мына хабарламасы қызық:«кешпенділердің қоныстары мен қыстақтарында ... ақшалардың сапасынайыра алмайды, сондықтан металл ақшаларды (қайсысы жақсы екенінбілмегесін қабылдаудан тартынады)»[5, б. 271].

Халықтың сенімін арттыру үшін ақшаларды барынша әсем де тартымдыетіп жасауғатырысқан сияқты. Жоғарыдағы автор тағы да былай дейді«ақшалар сондай әсем де әрлі,сондықтан оған ие болған адамның жүрегіоны біреуге ұсынуға қимайды, және ол оны сақтауғатырысады. Алайда, кейбір қорғандардағы жерлеу орындарынан Алтын Орда қалаларындаСоғылған ақшалар кездеседі (онда күміс ақшалар басым, ал пұлдар сирек кездеседі). Жошыныңкүміс ақшалары ұзақ уақыт ғылыми әдебиеттедирхем (дирхам) атауына ие болған еді, бірақ соңғыуақытта XIV ғ. күмісақшаларын «данга» атаған дұрыс деген аргументті пікірлер басымдыққаие (осыдан «денга», «деньги» деген орыс атауы шығады).Шамасы, металл ақшаларды зираттарғақому салты осы кезеңде Таяу Шығыс пен Иран аумағында да таралған сияқты. Аймақтыортағасырлық ескерткіштерін зерттеудің өте әлсіздігіне байланысты, ортағасырлықақшалартабылған зираттар бұнда белгісіз, бірақ XIII ғ. жазба деректердебұл туралы мәліметтер тіркелген (доминикандық уағызшы Рикольдо, немесе Рихард деМонте Кроче, «Татарлардың адасуы туралы» әңгімелей отырып, молаға «кейде шамалы ақшаны да қосып қалатындығы» туралыхабарлаған).

2008 жылы Мокринский I қорымын қазған кезде 5 жерлеу орнынан жошылық күмісақшалардың 20 данасы табылды. Табылған олжалар5 микрокөбеден тұрады, алайда, олардың бұлжерге тап болу себебі мақсатына қарай көптеген алтынордалық ақшаларға ұқсамайды. АлтынОрдалық көмбелер негізінен төтенше жағдайларға байланысты көмілген болса, бұл көмбелероларды қайтадан пайдалану мақсатын көздемей, бұлжерге саналы түрде қалдырылған. Көңілаударарлық жағдай, егер Алтын Орда көмбелерінің көпшілігі өзара қырқыс пен әскериқақтығыстар кезеңіне (XIX және XX ғ. 2 жартысына) сәйкес келсе, бұл көмбелер Өзбек пенЖәнібектің билік құрған кезеңінде көмілген (эконмикалық және саяси тұрақтылық кезеңі).Мокринский I қорымындағы жерлеу орындарындақалдырылған ақшалар да осы кезеңге жатады. Ертеректе Мокринский I қорымын зерттеген кезде - ақ жошы ақшаларыкездескен

болатын. Г.В. Кушаев пен Е.М. Пигаревтің мәліметтерінесүйенсек, 1974-1975 жж. қазба жұмыстары кезінде әртүрлі жерлеу орындарынан 4 жошы ақшасы табылған екен: 1323 ж. – 1 (мыс), 1340 ж. – 1 (күміс), 1342 ж. – (1 күміс), 1380 ж. – (1 күміс).

Мыс бақырлар мен 1382 ж. ақшалары ерекше қызығушылық туғызады, себебі қорымдардағы одан арғы зерттеулерде не мыс бақырлар, не Тоқтамыс хан кезіндегі металл ақшалар кездеспейді. Бұл зерттеу мәліметтері қорымдардағы жерлеу орындары кем дегенде XIV ғ. Сонына жататындығын болжауға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта Батыс Қазақстан облыстық тарихи өлкетану мұражайында Мокринский I қорымында бұрынғырақ табылған 12 дана күміс жошы ақшалары сақталған: Өзбек: Сарай ж. (?) – 1; Анықталмаған жошы ақшасы; Өзбек: Сарай ж. (?) – 1; Жәнібек: жылы мен ақша сарайы көрінбейді - 1; Өзбек: Сарай аль - Махрус 722 ж.ж. (1322 1323 ж.) - 1; Сарай 734 ж.ж. (1333 - 1334 жж.) - 2, ж. (?) - 3; Жәнібек: Сарай аль- жадид ж. (3) - 2. Мокринский I қорымынан басқа жошы ақшалары Батыс Қазақстанның басқа жерлерінен де кездескен. Алтын Орда ақшалары Дариян ауылы маңынан да табылған деген ақпарат бар. Абдаллах ханның (?) шығарған жошы ақшалары аздаған сериясы 1972-1973 жж. Ұзынкөлаумағындағы бардасту қорымындағы кесенені қазған кезде табылды.

Осы қорымдағы к.12, п.2 зерттеген кезде тағы да 3 металл ақша табылды (-күміс, 2 мыс бақырлар). Г.В. Кушаевтің мәлімдеуінше, ақшалар 1321 ж. жатады.

Батыс Қазақстан облысындағы жошы ақшалары Қара-Обадағы қорғанды (XIV ғ. күміс ақшасы); Синицын, 1956) Сонымен қатар Новая Казанка ауылының маңындағы қорғанды (XIX к. күміс ақшасы) қазған кезде де табылған. Сол сияқты, Новая Казанка ауылы маңынан 1980 ж. XIX ғ. жататын ақшалай-заттай көмбе табылғанын ерекше атап өтуге болады. Көмбенің біраз бөлігі қолды болып кеткен. Ондағы эшекей бұйымдар мен 710-769 жж. көмілген 80 алтынордалық күміс ақша туралы мәлімет сақталған. Келесі ақша сарайлары көрсетілген: Азак - 1; Гүлістан - 25; Мохшы – 1; Сарай - 8; Сарай аль-Жадид - 36; Хорезм — 9.

XIX ғ. орыс карталары да Еділдің төменгі бөлігі Жайықпен алтынорда кезеңінде пайдалану мүмкін жолдармен байланысқан. Осындай жолдардың біреуі Астрахань облысындағы Селитренное селосынан (Алтын Орданың астанасы Сарай қаласының орналасқан жері) солтүстік Шығысқа, Өзенге және Орал қаласына жеткен. Алтынордалық кезеңге жатуы мүмкін Еділден Шығысқа қарай орналасқан қаланың қираған жұртын XVIII ғ. саяхатшылары да атап өткен. Астрахань өлкесінің ежелгі тарихымен айналысқан В.Н. Татишев И.Д. Шумахерге (1741 ж.) жазған хатында даладағы қирандылар (« даладан ағып жатқан, Ханская деп аталын өзенде») туралы жазған [2, б. 16 - 19].

Орта Азияны орыстар жаулап алғанға дейін, тек алтынорда кезеңінде Еділ мен Амударияның төменгі бөлігі бір мемлекеттің шеңберіне біріктірілген болатын. В.В. Бартольд «XIV ғ. Бірінші жартысында Хорезм Еділ бассейнімен Сырдария аймағынан да тығыз ырақ байланыста болғанын атап өтеді».

Хорезмнің жошылық ақшаларының Мокринский I қорымынан табылуы, Батыс Қазақстанның бұл облыспен байланыста болғанын дәлелдейді. Батыс Қазақстанның жерлеу орындарынан табылған барлық металл ақшалар XIV ғ. жатады (олардың көпшілігі, соның ішінде 2008 ж. Мокринский I қорымынан табылған барлық ақшалар Өзбек пен Жәнібек хандардың билік еткен кезеңіне сәйкес келеді.). Алтын Орданың ежелгі тарихының хронологиясын жасақтау үшін, ең алдымен, жерлеу кешендері емес, қоныстарды зерттеу маңызды. Көмбелердегі күміс ақшалар айналымда ұзақ уақыт жүруі мүмкін болғандықтан, Алтын Орданың ежелгі тарихының қатан хронологиясын құруға жерлеу орындарынан табылған металл ақшалар негіз бола алмайды.

Алайда, осы жұмыста сипатталған жаңа ақша көмбелерінің табылуы жерлеу орындарының бір бөлігі ең кем дегенде XIV ғ. жататындығын куәландырады және Батыс Қазақстан көшпелілерінің арасына негізінен төменгі Еділ бойы, сондай – ақ Хорезм ақшаларының да кең тарағаны туралы тезисті растайды. Батыс-Қазақстан облысы аумағынан табылған ақшалардан өзге, Атырау облысы аумағындағы Сарайшық қаласынан табылған ақшалар да ерекше қызығушылық туғызды. Қазіргі таңда 702 данасы өңделген (ақшалардың ішінде 647 данасы анықталған). Ақшалардың басым бөлігі жошылық болып келеді. Хорезм ақшаларының табылуы, мемлекетінің дегі саяси коллизияға қарамастан, Сарайшықтың Хорезммен тығыз байланыста болғанын көрсетеді [2, б. 20].

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келе жоғарыда аталып өткен зерттеулер нәтижесінде Алтын Орда дәуірінде өмір сүрген халықтың өмір сүру деңгейін байқауға болады. Яғни бұл әлеуметтік экономикалық көрсеткіштерді көмбелерден табылған ақша қорына және

құндылығына сүйене отырып Алтын Орда халықтарының ақша жинай білгенін, өзге мемлекеттің халықтарымен сауда саттық қарым қатынаста болғанын көреміз. Сауда қатынастарының болғанын Алтын Орда мемлекетінде хорезмдік ақшалардың табылуы және белгілі бір деңгейде өзіндік ықпалы болғандығын байқаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Рябцевич В.Н. О чем рассказывают монеты. Под ред. доктора исторических наук А.Т.Игнатенко. – 2-е изд., перераб. и доп. – Мн., 1978. – 399 с., ил.
2. Марыксин Д.В., Пачкалов А.В. АЛТЫН ОРДАНЫҢ АҚШАЛАРЫ (Батыс Қазақстан аумағы) МОНЕТЫ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ (на территории Западно-Казахстанской области); – Орал/Уральск: Полиграфсервис, 2009. - 50 стр. / қазақша, орысша
3. Аксенова С.В., Жилкин А.В. Монеты и банкноты России и СССР. Полный каталог монет и банкнот России. – Ростов н/Д: Владис: М.: РИПОЛ классик, 2009. – 416 с. с ил. (Большой энциклопедический словарь)
4. Самашев З., Бурнашева Р., Базылхан Н., Плахов С. Сарайшық тиындары. Монеты Сарайчика. – Алматы: ТОО Археология, ТОО Grapho-art, 2006. – 126 с. ;
5. Рашид ад-Дин. Сборник летописей в трех томах. Т. 1. — М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1952; М.: «Ладомир», 2002. — 315 с.

Ахмедова С.А., Карагандинский государственный университет имени академика Е.А.Букетова, факультет иностранных языков, гр. МИФ-52, магистрант
(*Научный руководитель — к.ф.н., ассоциированный профессор Какжанова Ф.А.*)

ФЕМИНИТИВЫ В ДИСКУРСЕ ИНТЕРНЕТ-КОММУНИКАЦИИ

В конце XX века в современной лингвистике зарождается новое направление – гендерная лингвистика. Предпосылками к появлению новой лингвистической категории «гендер», а далее уже и самостоятельной лингвистической дисциплины послужили социальные факторы, а именно – усиление феминистского движения. В современной лингвистике гендерный аспект породил множество лингвистических исследований, большинство из которых ориентировано на изучение средств, способов и коммуникативных ситуаций выражения гендерных особенностей в языке и речи. По мнению А.В. Кириловой, содержание понятия «гендер» (часть модели современного человека, воспроизводящая в языке и речи социокультурные проявления половой принадлежности), не являющегося собственно лингвистической категорией, может быть раскрыто через анализ структуры языка [1, с. 252].

Гендерная лингвистика рассматривает гендер как социокультурное явление. Особый интерес у исследователей указанного направления вызывает изучение феминитивов на примере русского языка. Это объясняется рядом факторов: во-первых, эксплицитностью (открытостью) категории рода в русском языке (в силу чего андроцентризм языка становится наиболее заметным чем, например, в английском языке); во-вторых, в русском языке существует историческая тенденция к образованию феминитивов.

Особенностью развития русского языка является историческое использование словообразовательной категории женскости, пусть и не такой продуктивной, как словообразование мужского рода, но все же она имеет отношение к полу, как универсальной понятийной категории.

В трудах лингвистов А. Мейе и Ж.Ж. Варбот находится подтверждение значимости категории женскости в истории русского языка. Так, А. Мейе отмечал, что в развитии русского языка прослеживается тенденция тождества суффиксов мужского рода у одушевленных имен существительных и суффиксов со значением женскости. Наиболее часто употребляемым суффиксом Мейе считает –ица. Именно с этим суффиксом, по мнению исследователя, соотносятся имена существительные мужского рода на –ьць и –икъ [2, с. 496].

Исходя из представленного французским лингвистом результата лингвистических исследований общеславянского языка, можно утверждать, что русский язык изначально развивался не с явно выраженной асимметрией в пользу мужской нормы, как утверждают исследователи феминистской лингвистики.

К подобным (как у А. Мейе) результатам приходит и лингвист Ж.Ж. Варбот, по словам которой противопоставление, сложившееся в русском языке между суффиксами –сьь и –ица (–ьць и –ица), берет свое начало от разделения мужского рода от женского [3, с. 232].